

болады. Ресей аумағынан тысқары, шет жағында орналасуы бір себеп ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда Түркістан қаласының әл-ахуалына тоқталып өтейік. Түркістан аймағы жалпы түркі мемлекеттерінің мәдени астанасы, рухани астанасы екендігі бағзы заманнан белгілі. Кейбір ғалымның идеясына сүйенер болсақ- екінші Мекке ретінде қарастыруға болады деген деректерге мән беруге болады. Ежелден дін насихаттаушылар, Ислам дінін таратуға үлес қосқандар осы қалада жерленгендігі де екінші Мекке атауын алуға бір себеп болып табылады. Әмір Темір кезінде Қожа Ахмет Яссауийға кесене салдырса, одан қала, жанында кезінде Қазақ хандығының ірі қалалары болған, қазіргі таңда тарих толқынына дес бермей тік тұрған Отырар қақпасы- Түркістан аймағын киелі ететін екінші бір себебі. Бұл жерлердің киелілігі тек ол емес, қазақ жерінен шыққан ұлы хандар мен тұлғалардың жерленгендігінде де болып отыр[4]. Бұл аймақта қазіргі таңда мәдени және саяси қарым-қатынасқа байланысты гүлденіп келеді. Мәдени тарихынан жалпы түркі еленің руханияты болғандықтан туризм саласыда өркендеп келеді. Туризм бұл аймақта екі тарапта дамып келеді. Бірінші түрі тарихи өлкедегі ескерткіштерге қызығушылығы бойынша дамыса, екінші түрі киелі аймақ ретінде рухани нәр алу мақсатымен келушілер. Осындай екі түрлі бағытпен келетін адамдар бүкіл қаланы араламай кетпейтіндігі анық.

Қорытындылай келе бұл аймақта бүкіл түркі халқының тарихи ізі қалған. Шыңғыс ханнан бастап, қазақтың соңғы ханы Кенесарыға дейін тарихта бірнеше атаумен аталған Түркістан қаласы және аймағындағы киелі жерлер қазақтың мәдениетін, ерекшеліктерін, ғылымы мен өнерін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді[5]. Сол рухани мәдениет пен материалды мәдениетті сәтті ұштастырған. Қала ретінде, сонымен қатар қабырғасына бүкіл тарихты сыйдыра білген жіне өткен тарихымызды ескеріп, бүгінгі тарихтың жазылуына үлес қосып, болашақ ұрпаққа сан мың жылдық тарихты жеткізетініне сеніммен қараймыз. Өз тарихымызды ұмытпай, киелі жерімізді қорғай отырып, болашағымызға нық қадам басудамыз. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі-Түркістан.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- [1] Түркістан Халықаралық энциклопедиясы. -Алматы, 2000. -590-б.
- [2] Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. -Алматы, 2010. - 258-259-б.
- [3] Әбжанов Х. Қазақстан: Тарих. Тіл. Ұлт. -Астана, 2007.
- [4] Тәтімов М. Қазақ әлемі. -Алматы: Атамұра, 1993.
- [5] Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999.

#### **Сакральные объекты Казахстана**

Кузьмина Е. А.

Научный руководитель: м.ғ.н. Утебаева А.Д.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

Сакральные места - это почитаемые среди населения страны памятники культурного наследия, светской и религиозной архитектуры мавзолеев и природные ландшафты, кроме того, места с устойчивыми историческими ценностями связанные со значимыми политическими событиями. Объекты, занимающие важное место в общественно – политической жизни Казахстана, как символы историко-культурного наследия и национального единства.

В апреле 2017 года вышла статья Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», одной из приоритетных задач которой перед общественностью стало создание проекта «Духовные святыни Казахстана», или, как говорят учёные, «Сакральная география Казахстана».

Начиная со второй половины 2017 года специалисты Института Археологии им. А.Х. Маргулана занимались разработкой проекта наследия, привлекая к работе археологов, историков и этнографов.

Сакральные объекты Казахстана имеют древнюю историю. Это культовые архитектурные сооружения, города, поселения, курганы, некрополи, святилища, наскальные рисунки и исторические ландшафты.

Особую популярность имеют культовые архитектурные памятники, как правило, лучше сохранившиеся до наших дней и более почитаемые.

Основной объём историко-культурного наследия составляют археологические памятники, которые разбросаны по всей территории Казахстана. Они охватывают громадный хронологический период: от глубокой древности, каменного века, до позднего средневековья. Они беззащитны перед временем и требуют серьёзных научных исследований, работ по консервации и реставрации, а также продуманного подхода к эксплуатации.

Ещё одним видом духовного наследия являются объекты природы, сакрализация которых уходит в глубокую древность. Некоторые из них объявлены святыми, став объектами паломнического туризма, но требуя изучения и проведения научной экспертизы.

Наряду с известными сакральными объектами, вошедшими в историческую и археологическую науку, появляются новые - религиозные памятники и святые места.

«Продолжая славные дела старшего поколения, мы проложим дорогу, по которой уверенно зашагают будущие поколения. Это будет путь развития, роста и процветания независимого Казахстана», - так ёмко сформулировал стоящую перед казахстанским обществом задачу глава государства Н.А. Назарбаев.

Улытау, пик Аулиетау (Акмешит)

Аулиетау (Акмешит) – вершина гор Улытау. «Улытау» с казахского языка переводится как «великая гора», «большая гора». Но поскольку сами эти горы фактически не очень высокие, это название скорее таит в себе именно сакральный смысл, поскольку эти горы «главные почитаемые горы», в которых с древнейших времен были сокрыты святыни кочевников. В Аулиетау находятся древние захоронения. По легенде, в этих горах родился пророк Заратустра, в средневековье здесь были похоронены Жошы хан, Алаша хан, Тохтамыш хан, бий Едиге и другие выдающиеся наши предки.

Петроглифы Теректы аулие

В 445 километрах от Караганды расположилось урочище Теректы. Со стороны Жезказгана ехать до него около 90 километров. Историко-археологический комплекс Теректы Аулие – Святой Тополь – состоит из галереи наскальных рисунков – петроглифов, неолитической стоянки, поселений древнего человека, некрополей-могильников эпохи бронзы, курганов раннего железного века, остатков горизонтальных и вертикальных штолен, в которых добывались руды и полудрагоценные минералы. Чаще других среди петроглифов Теректы Аулие встречаются изображения лошадей, а также двугорбых бактрианов, быков, козлов, оленей, змей, рысей и других хищников из породы диких кошек. Нарисованы и несколько пароконных колесниц. Особую категорию составляют изображения символических знаков, геометрических фигур.

Мавзолей Айши биби

Мавзолей Айши биби – уникальный и интереснейший памятник архитектуры XII века, не имеющий аналогов в архитектурно-строительной культуре Казахстана и Средней Азии. Мавзолей декорирован великолепно по красоте сплошной облицовкой из терракотовых плит, украшенной орнаментами 60 видов. Мавзолей находится в селе Айша биби Жамбылского района Жамбылской области. Он является шедевром средневекового зодчества Караханидской эпохи, воздвигнутым у караванной тропы к югу от Акыртаса. Точных сведений о строительстве мавзолея не осталось, но он является памятником любви и скорби. Существует более 28 версий легенды о любви восточной красавицы Айши биби и отважного Карахана.

Мавзолей Бабаджи Хатун

Мавзолей Бабаджа Хатун (X–XI вв.). Строительство этого памятника степного зодчества связано с легендами о возведении мавзолея для Айша биби. По легенде, после гибели Айши биби ее няня Бабаджа хатун становится его зрителем, а после смерти ее хоронят в двадцати шагах от мавзолея девушки. Для преданной женщины построили специальный мавзолей и назвали ее именем – мавзолей Бабаджи хатун. Эти два строения являются величественными памятниками и святым местом для мусульман, которые совершают хадж.

#### Список литературы:

1. История Казахстана: народы и культур: Учеб. пособие / Масанов Н. Э. и др. – Алматы: Дайк – Пресс, 2001 – 600 стр.
2. <https://www.zakon.kz/4922826-10-sakralnyh-mest-kazahstana.html>
3. <https://toppress.kz/article/10-sakralnih-mest-kazahstana-obyazatelnih-k-posesh-eniyu>
4. <https://www.rii.kz/ru/сакральные-объекты-казахстана/>
5. [https://forbes.kz//process/science/sakralnaya\\_geografiya\\_kazahstana\\_itogi\\_i\\_perspektivyi/](https://forbes.kz//process/science/sakralnaya_geografiya_kazahstana_itogi_i_perspektivyi/)
6. Энциклопедия: «Сакральный Казахстан».

#### Қазақ киелі жерлері – ұлт руханиятының негізі

Қолдасова Г.О, Жусупова Т.Г.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақстандықтардың рухани жаңғыруын жүзеге асырудың бірнеше бағытын анықтап берген болатын. Бұған ол бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуді ұсынды. Солардың бірі «Қазақстанның киелі жерлері» немесе «Қазақстанның киелі географиясы» деп аталды.

Қазақстан жері тарихи және мәдени ескерткіштерге бай. Кесенелер, тарихи орындар, елді мекендер әлі күнге өткен дәуірдің құпияларын жасырып жатыр. Мұндай киелі жерлерді көру сол кездердің куәгерлерін кездестірумен және оқиғаларын көрумен бірдей болған болар еді. «Қазақстанның киелі жерлері» – тарих пен мәдениетке, адамның рухани дамуына және оның туған жеріне деген байланысына негізделі отырып, адам мен оның өміріне бағытталған. Кейбір тұлғаларды мәңгі еске сақтауда ұлтты мәдени байыту мен мінәжат етуге арналған орындар түріндегі ұлы ата-баба ерліктерін осындай бағдарға жатқызуға болады. Мұндай орындарды білуіміз көптеген нәрсені үйретіп, олардан қажетті өмірлік қуат алуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Киелі мекендерді жүйелеу мен жіктеу – адамның рухани баю мәселесін алға тартып қана қоймай, сонымен қатар мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, бай тарихымыздың құндылықтарын көрсете аламыз. Иә, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» үлкеннің де, кішінің де рухани дамуына зор үлес қоспақ. Халық, оның ішінде жастар туған өлкесінің тарихымен етене танысуына мүмкіндік алады.

Болашаққа бет түзеген халқымыздың Ұлы Даласы киелі жерлерге толы. Біз үшін Атырау – Арқа – Алатау – Алтай сияқты ұлан-асыр аймақты алып жатқан Қазақстанның әрбір сүйем жері қасиетті де киелі. Қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүрген ата-бабаларымыз «кие» сөзіне ерекше мән беріп, кіндік қаны тамған туған жерінен бастап, тарихи жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындарды киелі де қасиетті мекеніне балады. «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың», «Әркімнің өз жері – жұмақ», «Ел іші алтын бесік», «Туған жердің әр тасы біздің алтын тағымыз», - деп туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалай білді. Халқымыздың ұлттық санасының ерекшелігі де осында. Ендігі жасалатын негізгі әрекет, осы құнды